

50 *Est. 1972*

ZHETYSU UNIVERSITY

Jetisy

ýniversiteti

№11 (224)
25 qarasha
2022 jyl

ALMATY OBLYSTYQ QOǴAMDYQ-SAIASI JASTAR GAZETI
АЛМАТИНСКАЯ ОБЛАСТНАЯ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ МОЛОДЕЖНАЯ ГАЗЕТА

17 қараша - ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТУДЕНТТЕР КҮНІ

СТУДЕНТТИК ШАҚ
– АДАМ ӨМІРІНІҢ
ЕҢ ҚЫЗЫҚТЫ ДА
ҰМЫТЫЛМАС КЕЗЕҢІ.
ЖАДЫМЫЗДА ЕРЕК-
ШЕ ЕСТЕЛІКТЕРІМЕН
ЖАТТАЛЫП ҚАЛҒАН
СТУДЕНТТИК
ӨМІР ЕШҚАШАН
ҰМЫТЫЛМАЙДЫ.
СТУДЕНТТЕР
КҮНІ ӘЛЕМНІҢ
КӨПТЕГЕН ЕЛДЕРІНДЕ
ТОЙЛАНАДЫ.
БҰЛ МЕРЕКЕНІ
ЛИЯС ЖАНСҮГРОВ
АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
СТУДЕНТТЕРІ ДЕ
ЕРЕКШЕ СӘН-
САЛТАНАТПЕН АТАП
ӨТТІ. МЕРКЕЛІК КЕШ-
КЕ ҚАТЫСҚАН УНИ-
ВЕРСИТЕТ РЕКТОРЫ
ҚУАТ БАЙМЫРЗАЕВ
БІЛІМГЕРЛЕРДІ
ҚҰТТЫҚТАП,
УНИВЕРСИТЕТТІҢ
ҚОҒАМДЫҚ ӨМІРІНЕ
БЕЛСЕНЕ АРАЛАСҚАН
СТУДЕНТТЕРДІ
МАРАПАТТАДЫ.
«ЖІГЕРЛІ ЖАСТАР
ЕЛІМІЗДІҢ ЕРТЕҢГІ
АРДАҚТЫ АЗАМАТ-
ТАРЫ БОЛАТЫНЫНА
СЕНІМІМ МОЛ», – ДЕДІ
РЕКТОР ӨЗ СӨЗІНДЕ.
ӘН САЛЫП, БИ
БИЛЕГЕН ӨНЕРПАЗ
СТУДЕНТТЕР КЕШ
КӨРІГІН ҚЫЗДЫРЫП,
ДУМАНҒА БӨЛЕДІ.



*Біз
студентпіз,
жалынбыз!*

Қаланың мынау мінезін бетен аңғардым,
Ауылдың қара баласы едім аңғал тым.
Үлкен шаһарда кішкене жүрек соғады,
Сезбейді соны, сезбейді неге!?
Таңғалдым...

Қабат үйлердің қабақ түйген мұң
тұрғыны,
Студент болдым, жалындап жанып бір
күні.
Сол кезден бері ұмытам кейде шер,
мұңды,
Сол күннен бері ұмытам кейде күлкіні.

Сезімге келсек, ұяң өдік қой, қайттық
біз?
Жібердік хаттар өлең аып, жыр аып
айттық жүз.
Сері жігіт боп шығарып сап қызды үйіне,
Ақшасыз жаяу өндетіп талай қайттық
біз.

Лекция болса, ойлаймыз кешкі сауықты,
Сессия! Айтпа, еске алсаң да қауіпті.
Өтеді бері...
Терезе жылап қалған ба?
Шіркін-ай, бесе!
Өткінші жауын жауыпты.

Біз студентпіз, жалынбыз, отпыз,
жігерміз,
Өмірді сүйіп жылармыз, кейде күлерміз.
Сүрініп жүріп, құлап та тұрып, өйтпейіп,
Өмірді мынау, сүрерміз түбі білерміз.

Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ.

Студент жайлы қызықты деректер

«Студент» сөзі латын тілінен аударғанда «ынтамен оқушы, ізденуші» деген мағынаны білдіреді екен. Ал, университет – бірлестік, қоғамдастық (universitas), факультет – қабілеттілік (fakultus), декан – ондық (decanus), ректор – басқарушы (rector) деп аударылады.

Ең алғашқы студенттер осыдан мыңдаған жылдар бұрың, шамамен XI ғасырларда пайда болған. Сол бір есте жоқ ерте замандарда Еуропадағы Камбрада - математикаға, Болонья жерінде - құқық, медицинаға арналған мықты-мықты ғылыми-зерттеу орталықтары құрыла бастады.

1080 жылы Болондық құқық мектептері бірікті де, әлемдегі тұңғыш университет пайда болды. Әрине, ол басында университет емес, «студия» деп аталған болатын. Ең алғашқы студенттерді «схолар» немесе «школяр» деп атаған көрінеді. Олар өздері студенттік ережелерді жасап, профессорлар мен ректорларды тағайындайтын болған. Ректор болуға тек бойдақ студенттің ғана құқығы болды.

Кейіннен дәл осындай студиялар Феррара Падуа және т.б қалаларда пайда бола бастады. Француздық педагогтар Италиядағы студенттердің тым еркінсіп кеткендігіне қарап, өздері университет құруды жоспар-

лады. Нәтижесінде Париж университеті ұйымдастырылады, ал XIII ғасырда Оксфорд және Кембридж құрылды.

Алғашқы студияларда 4 факультет қана болды. Олар: дайындық, құқық, медицина және дін факультеттері. Оқыту мерзімі 5-15 жыл аралығында болды. Ең үлкен танымалдылыққа ие болған – заң факультеті еді. Студенттердің көпшілігі заң факультетінде оқуды қалайтын.

Ортағасырлық студиялардың сабақтары таңертең ғана жүргізіліп, дәрістер оқылатын. Таң атпастан басталған дәрістер сағат 9-да аяқталған.



КЕШЕДЕҢ КЕЛДІМ БҮГІНГЕ

ОРДА БҰЗАР ОТЫЗ ЖАСЫМДА ОСЫ ОРДАЛЫ ОҚУ ОРНЫНЫҢ ЕСІГІН АШТЫМ, ҚЫРЫҚТЫҢ ҚАМАЛЫН АЛДЫМ, ЕЛУДІҢ ЕСЕБІН БЕРДІМ, АЛПЫСТЫҢ АСҚАРЫНА ШЫҒЫП, БҮГІНГІ КҮНГЕ ЖЕТТІК. КЕШЕ МЕН КІМ ЕДІМ, ҚАНДАЙ ЕДІМ, УНИВЕРСИТЕТ ҚАНДАЙ ЕДІ? МЕНІҢ ТАРИХЫМ, ӨМІР ЖОЛЫМ - УНИВЕРСИТЕТ ТАРИХЫ, УНИВЕРСИТЕТТІҢ ӨРЛЕУ ЖОЛЫ. УНИВЕРСИТЕТ ТАРИХЫ - МЕНІҢ ӨМІР СОҚПАҚТАРЫМ.

да өз тәжірибеңізді насихаттап, дәріс оқып жүрген ұстазсыз, аға оқытушы қызметіне қабылдайын» деген ұсынысына: «оқытушы қызметіне алыңыз, аға оқытушылықтың жауапкершілігі көп шығар, оған дайын емеспін» деп, оқытушылық қызметімді бастап кеттім. (Оқытушылық пен аға оқытушылық қызметтің жалақысында ғана айырмашылық бар екенін ол кезде қайдан білейін). Сонымен, аға оқытушылық қызметке сегіз жылдан кейін, кандидаттық диссертацияны қорғап, дипломымызды алғаннан соң ғана қолымыз жетті.

Оқытушылық-ғылыми қызмет жолымдағы жеткен жетістіктеріміздің барлығында тәлімгер апайымыз Күлтай Әбілқасымовнаның еңбегі зор. Ол кісіге деген алғысым шексіз. Ұқыптылыққа, еңбекқорлыққа, дәлдікке, адалдыққа, жауапкершілікке үйретті. Бізге қатаң талап қойды, біз оған көндік, ұстаз, тәлімгер ретінде сыйладық, қарсы келмедік. Қазір сол талаптың, сол еңбектің жемісін жеп отырмыз. Оқытушылықтан профессорлыққа жеттік. Бұл менің отыз жылдық тарихым. Тек мен ғана емес, кафедраның басқа оқытушылары да осы пікірде деген сенімдемін. Біз өстік, бізбен бірге университет те өсті. Кешегі жас мамандар бүгін университеттің имиджін көтеруде аянбай еңбек етіп жүрген

қарқарадай ғалымдар. Университет маған не береді деген көзқарастан өтіп, мен университетке не беремін деген рефлексиялық кезеңге келді.


Мен жұмысқа келгенде ректор Ж.Ж.Жапаров болды. Одан кейін А.Қ.Қасабеков, Т.Ә.Қожамқұлов, Е.Ө.Медеуов, Ә.Е.Бектұрғанов сынды ректорлардың басшылығымен еңбек жолымызды жалғастырдық.

2016 жылдың 29 наурызынан бері география ғылымдарының докторы, профессор, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының академигі, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының Құрметті академигі Қуат Маратұлы Баймырзаев басшылық етуде.

Мемлекеттің әлеуметтік саясатының негізгі міндеті – адами әлеуетті дамыту. Бұл міндет, ең алдымен, білім беру жүйесіне бағытталған және оны шығармашылық, креативті ойлайтын педагогтер шеше алады. І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті ұжымы үшін маңызды мәселе - заман талабына сай интеллектуалды, халықаралық деңгейге сәйкес білімі бар, бәсекеге қабілетті, ұлтжанды тұлға тәрбиелеу, түлектердің кәсіби қалыптасу мәселелеріне назар аудару, олардың кәсіби

өсуі үшін жағдайды жақсарту, шығармашылық әлеуетті дамыту болса, мен куә болған университеттің 30 жылдық тарихында бұл мәселе назардан тыс қалған емес.

Кез келген жоғары оқу орнының екі миссиясы бар. Біріншісі - білім беру. Екінші миссиясы - ғылым. Негізі, білім мен ғылымды ұштастыратын орталық - университет. Білім мен ғылымды ұштастыра отырып, талай жетістіктерге жеткен, бір мақсат, бір мүддеге жұмылдырылған, төрт аяғын тең басып, нық тұрған, айрандай ұйыған ұжымы бар осындай білім ордасында 30 жыл өмірім өткеніне мың да бір шүкір.



ЖҮ БІЛІМГЕРЛЕРІ – ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ

Біріккен Араб Әмірліктері, Абу-даби қаласында джиу-джитсудан ересектер арасында өткен Әлем Чемпионатында І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Дене шынықтыру және өнер жоғары мектебінің 1 курс студенттері Әлем Чемпионы атанды. Атап айтар болсақ, джиу-джитсудан 56 кг салмақ дәрежесінде сынға түскен Сарсенұлы Самат, 46 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен Есмұрат Мақсат 1 орынға ие болды.

Жеңіс туын желбіреткен қос саңлағымызды шын жүректен құттықтаймыз!



ӘДЕБИ-РУХАНИ КЕШ ӨТТІ

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде ақын Сағыныш Намазшамованың «Менің мифім» атты шығармасының желісі бойынша әдеби кеш өтті. Кешті Мадина Болатқызының жетекшілігімен «Қазақ тілі және әдебиет» факультетінің студенттері ұйымдастырды. Кеш ақын өлеңдеріне шолу жасап, шағын көрініс көрсетумен басталды. Бұл бөлім «Сағыныштың сыршыл әлемі» деп аталды. Кездесу одан әрі ақынның өзімен, жан-дүниесімен сырласуға ұласты. Ақын өлеңдерін жатқа айтып, түрлі сұрақтар қойып, оқырмандар өздеріне қажет мағлұматты толық алды. Кеш барысында біздің қонағымыздың сүйікті ақыны - Эммели Диконсонның шығармасына да қиял жүгірттік. Залда

отырған көрермендер ерекше әсерлерімен бөлісті.

Ақын «Менің шығармаларымды терең зерттеп, өлеңдеріме үілгендеріңіз көрініп-ақ тұр. Кеш өте керемет өтті, ерекше әсер алдым. Сіздерге алғысым шексіз» - деп ризашылығын жеткізді.

Өлеңнің табиғаты бөлек, оны сезіну, оны түсіну адам санасының ең биік деңгейі десек артық емес.

Осындай кештер көбейсе, жан-дүниеміз кеңейіп, рухани байлығымыз арта түседі деп ойлаймын. Әдебиетіміз дамып, мәңгі жасай берсін!

Гүлназ ҚАБИ,
КТӘ 211 топ студенті.

В этом году исполняется 50 лет со дня образования НАО Жетысусского университета им. И. Жансугурова, первого и единственного вуза в Семиречье. Естественно, в связи с этим юбилеем, коллектив и руководство университета единогласно выдвинули кандидатуру Рахымбекова Айтбая Жапаровича, к.ф.-м.н., ассоциированного профессора Высшей школы технических наук на поощрение в правительственные органы. И вот, в связи с ознаменованием Дня Республики, Указом Президента Казахстана Токаевым К.К., от 14 октября 2022 г., он награждается медалью «Ерен еңбегі үшін», удостоверение №16786.

Он родился 14 июня 1953 года в селе



Айтбай РАХЫМБЕКОВ,
кандидат физико-математических наук, ассоциированный профессор.

ПЛОДЫ ВЫСОКОГО ПРОФЕССИОНАЛИЗМА

Кызылжар Гвардейского района в многодетной семье рабочего. Отец, Жапар Рахымбеков, работал агрономом, принимал участие в Великой Отечественной войне, скончался от фронтовых ран в 1973 году. Мама Ашихан, работала дояркой, она покинула этот мир еще раньше, в 1966 году. Оба они принимали активное участие в колхозном строительстве и на возведении железнодорожной линии Туркестано-Сибирской магистрали.

В 1970 году наш герой поступает в Московский химико-технологический институт им. Д. И. Менделеева, а затем по состоянию здоровья переводится в КазХТИ. Вуз Айтбай Жапарович окончил в 1977 году с отличием. Трудовую деятельность начал в качестве инженера лаборатории №10 НИИПКТ стартерных аккумуляторов при Талдыкорганском аккумуляторном заводе г. Талдыкорган, а в 1978 г. назначен заведующим лабораторией Казглавводоснабжения. В 1979 г. принят старшим инженером кафедры неорганической химии Карагандинского государственного университета, где начал научно-исследовательскую работу по проблемам халькогенидов под руководством академика Е. А. Букетова.

В 1981 г. прошел стажировку с последующим поступлением в целевую аспирантуру Физико-технического института им. А. Ф. Иоффе АН СССР г. Ленинграда. А в 1986 году защитил кандидатскую диссертацию на соискание степени кандидата физико-математических наук по теме «Управление содержанием кислорода в полупроводниках с помощью твердых оксидных суперионных проводников». Научные доклады, статьи Айтбая Жапаровича опубликованы в журналах ЖТФ (Журнал технической физики) РАН, ДАН (Доклады Академии наук) СССР, США, Бельгии, Польше, Чехии, Болгарии.

После окончания аспирантуры работал старшим преподавателем кафедры общей физики, в 1990 году был избран на конкурсной основе заведующим кафедрой. В этот период при содействии руководства принимает активное участие в качестве зав. лабораторией по совместительству в организации первой научно-исследовательской лаборатории по

физике твердого тела и полупроводников на физико-математическом факультете с целью:

- исследования электрофизических свойств твердых оксидных суперионных проводников, синтеза полупроводниковых пленок на основе диоксида ванадия вакуумно-термическим способом;
- исследования механических свойств полимеров и твердых образцов с применением разрывной установки большого диапазона;
- исследования оптических свойств фотохромных полупроводниковых пленок.

В 1995 году избран членом-корреспондентом Балтийской педагогической академии в г. Санкт-Петербург, почетный доктор наук, профессор Российской академии естествознания, член энциклопедии «Ученые России», «Гордость Казахстана». Совместно с учеными ФТИ им. А. Ф. Иоффе АН СССР, д.ф.-м.н., профессорами Ф. А. Чудновским, М. В. Ведерниковым, академиком РАН Б. П. Захарченя, профессором АГУ им. Абая А. И. Купчишиным разрабатывает и выигрывает в Республиканском конкурсе научных работ субсидирование госбюджетной темы «Исследование влияния быстродействующих электронов на электрические свойства супериоников» на протяжении многих лет. Научные направления его научных изысканий – это исследование полупроводниковых суперионных проводников, синтез фотохромных полупроводниковых пленок в вакууме, фазовых интерференционных трансформационных нанопленок.

В 1996 году избран деканом физико-математического факультета, в связи с реорганизацией факультетов в последние годы и до настоящего времени работал ассоциированным профессором кафедр: «Профессиональное обучение и технические дисциплины», «Агрономия и технические дисциплины», и ныне является ассоциированным профессором ВШТН. Айтбай Жапарович, несмотря на свой возраст, активно совмещает образовательную и научную деятельность.

На протяжении двадцати лет заведовал кафедрой, отдавая ей все свои профессиональные знания и энергию, под его

руководством кафедры неоднократно успешно проходила Республиканские и международные аккредитации, выпустив квалифицированные кадры. Ученики Айтбая Жапаровича работают ныне руководителями колледжей, школ, на ответственных постах в сфере образования, госслужбы, науки и техники.

Под его руководством студенты ежегодно занимают призовые места в республиканских и зарубежных предметных олимпиадах, активно участвуя в научно-исследовательской деятельности, публикуются за рубежом.

Природа одарила нашего героя щедрой душой, добротой и открытым характером. Профессор, несмотря на все испытания и невзгоды, пережитые им, обладает завидным самообладанием. Его интересы и хобби весьма разносторонни. Айтбай Жапарович – высокий интеллектуал,

прекрасно исполняющий народные, классические песни на многих музыкальных инструментах. Профессионал своего дела, обладающий заслуженным авторитетом среди студентов, коллег и активно участвующий в общественной жизни университета и областного центра.

За заслуги в научно-образовательном процессе Айтбай Жапарович имеет достижения:

- Нагрудный знак им. И. Алтынсарина, МОН РК, Астана, 2012 г.
- «Заслуженный деятель науки и техники», Россия, Москва, Российская Академия Естествознания (далее РАЕ), 2015 г.
- Медаль им. Вильгельма Лейбница, Россия, Москва, РАЕ, 2014 г.
- Медаль им. Ньютона, Россия, Москва, РАЕ, 2017 г.
- «Почетный гражданин» Кербулакского района, Алматинской обл., 2016 г.

Его научные труды – это свыше трехсот публикаций, широко известных в научных кругах, опубликованных как за рубежом, в странах СНГ, так и в РК. Профессор имеет авторское свидетельство за изобретение «Вакуумно-плотные соединения», успешно внедренное в производство.

Айтбай Жапарович – образцовый семьянин, любящий муж, отец и дедушка. Супруга Айтбая Жапаровича Назигуль – провизор, работает менеджером фармацевтической компании. Старший сын Арнур, к.э.н., госслужащий. Живет и работает в Бельгии, имеет троих детей: Аружан, Асанали и маленький Алинур. Старшие внуки учатся в школе на «отлично» увлекаются музыкой, играя, как и их Аташка на домбре и поют народные песни. Второй сын Адиль тоже госслужащий, специалист по китайскому языку, семейный (недавно родилась внучка Инкар), живет и работает во Франции.

Коллектив университета, Высшая школа технических наук НАО ЖУ имени И. Жансугурова желает нашему дорогому учителю и наставнику молодежи в день его получения Правительственной награды – благополучия во всем, счастья и долгих лет жизни!

Ильяс ЕСЕНГАБЫЛОВ,
декан ВШТН, к.п.н., доцент.

НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПРОЕКТ

Отсутствие качественного контента о национальной культуре в востребованных цифровых источниках создает идеологический вакуум у населения и, как следствие, ведет к низкому уровню участия в процессах формирования общенациональной целостности. И эти вопросы нашли отражение в национальном проекте «Ұлттық рухани жаңғыру». Для решения предполагается реализация проекта по трем основным направлениям.

Первое направление – поддержка и развитие творческого и интеллектуального потенциала нации. А вторая важная задача – расширение сферы применения государственного языка. Ведь само сохранение нации – это сохранение и развитие языка. Одним словом, мы должны максимально упростить казахоязычную среду в обществе, сделать ее языком науки и образования, бизнеса и социума, а не только в быту.

Основная цель проекта – сохранение национального кода, возрождение культурной идентичности, пропаганда национальных ценностей и традиций, повышение культурного уровня и духа общества. Масштабный и с глубоким смыслом проект открывает новые возможности для молодежи и нацелен на всестороннюю поддержку различных инициатив. Это культурная реальность, история и корни нашего народа, сложившиеся на протяжении многих веков. Поэтому, особенно в условиях современной глобализации, важно сохранить ее, впитать в себя через поколения.

Этот тактический и стратегический документ, который ставит перед собой адресные цели, состоит из конкретных задач, конкретных показателей. Мы знаем, как достичь этих показателей. Мы знаем, каких результатов достигнем по итогам реализации проекта. Проекты не дублируются, а взаимно дополняют друг друга. Еще одно направление называется «Ел Рухы»: предусмотрены такие целевые показатели, как «Рост обеспеченности объектами культуры и услугами», в том числе в отдаленных районах, «Увеличение количества доступа к отечественным цифровым ресурсам в сфере культуры», «Количество вновь выпущенных отечественных анимационных фильмов», «Доля отечественных фильмов в общем объеме казахстанского кинопроката», «Количество поддержанных творческих проектов».

Для успешной модернизации политической системы и экономики требуется опережающая модернизация общественного сознания, которая позволит сформировать единую нацию сильных и ответственных людей. Важными условиями патриотичности являются сохранение национальной идентичности, модернизация сознания каждого гражданина, нацеленная на ответственное отношение к окружающему миру, активное участие в общественной жизни на местном и национальном уровнях, развитие чувства сопричастности и инициативности.

Диас БЕКМУКАМБЕТУЛЫ,
преподаватель-лектор.

Родимый край

О, Казахстан, ты мой родимый край,
Под ярким светом солнца с небосвода.
Всегда живи и вечно процветай,
Собрав многоязычные народы!

Твои просторы утешают взор.
И каждая в душе твоя частица
Хранит историю прекрасных гор,
А люди все вольны как птицы.

О, Казахстан, ты мой родимый край,
Безумно я люблю твою природу.
И искренне тебя благодарю,
За нашу обретенную свободу!

Виолетта ЯКОВЛЕВА,
208 РЯЛ, Zhansugurov college.



Мой любимый Казахстан

Мой любимый Казахстан,
Вслед за тем течением.
Ты так прекрасен, Богом дан
Нам всем без исключения.

Твои прекрасные долины,
Отменны, восхитительны.
Как степи, горы и равнины,
И это удивительно!

Мой дом любимый, край родной,
Служу тебе рабочей.
Твоей хладною росой,
Любуюсь я воочию.

Душа желает, прямо просит,
Воздать тебе почтение.
Просторы эти превозносят,
Души моей веления.

Нет более родного места,
Земля родная наша.
Ты так невинна и чиста,
И с каждым днем все краше!

Бозорова ГАНДЖИНА.



ИМИДЖ - ПУТЬ К УСПЕХУ

ПРОДВИЖЕНИЕ БРЕНДА УНИВЕРСИТЕТА? ФОРМИРОВАНИЕ И УКРЕПЛЕНИЕ РЕПУТАЦИИ? ТАКИМИ ВОПРОСАМИ ЗАНИМАЕТСЯ ЦЕНТР ИМИДЖЕВОЙ ПОЛИТИКИ И НЕ ТОЛЬКО. ОНИ ДЕЛАЮТ КОНТЕНТ В СООТВЕТСТВИИ С КОРПОРАТИВНЫМИ ИНТЕРЕСАМИ, ПРИДЕРЖИВАЮТСЯ И СТРОГО СООТВЕТСТВУЮТ СТРАТЕГИИ ЖЕТЫСУСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМ. И. ЖАНСУГУРОВА.

Целью центра имиджевой политики является создание высокого имиджа университета, как современного образовательного научного учреждения страны и определение наиболее эффективных путей повышения имиджа с использованием современных информационных технологий.

ЦИП ставит перед собой задачи по развитию PR-менеджмента вуза. А также издают учебную, учебно-методическую литературу в соответствии с требованиями Межгосударственного стандарта, оказывая тем самым качественные редакционно-издательские и полиграфические услуги. В функции ЦИП входят: организация связей с общественностью (PR) с использованием коммуникативного менеджмента, а также работы по оценке, мониторингу и управлению имиджевыми стартап проектами. Они проводят мероприятия, семинары, тренинги



и кейсы путем привлечения профессиональных экспертов, в целях развития экосистемы инноваций и предпринимательства.

Креативная команда показывает результативную работу. В Instagram страница набирает в среднем 45 000 просмотров за месяц. Так же активно повышается уровень в сети тик-ток, которая сейчас очень популярна среди молодежи. Недавно ролик на странице университета набрал 2 млн 300 тыс. просмотров.

С начала года в целях повышения имиджа учебного заведения снято 65 видеороли-

ков. Кроме того, данный отдел занимается полным ребрендингом: логотип университета, брендовые одежды и другие предметы. Данные активные маркетинговые шаги сформировали новый стиль университета и позволили ему вдохнуть новую жизнь. Также по инициативе ЦИП планируется запустить ряд авторских программ на платформе ютуб. Стоит отметить, что с участием творческих ребят очень скоро начнутся съемки первого сериала о студенческой жизни.

3-4 стр. подготовлены Алтынай МАХИМОВОЙ.

Родина моя

Казахстан – необъятные горы,
Он каждый день заново тянет влюбиться:
В широкие реки, леса и озёра,
В дружбу наций, религий, традиций.

Казахстан – чудесные виды,
В родной стороне и солнце теплее.
Казахстан – о, доброе сердце,
Сколько народов ты в нём бережно
зреешь...

Казахстан – цветущие поля,
Ручей, как слеза, чистейшая искрится.
Независимая моя страна,
История, которой хочется гордиться.

Казахстан – богатые земли,
Как хочется обнять тебя душой...
Я смогу его покинуть, если только,
Можно будет забрать его с собой.

Валерия НИКОЛАЕВНА.

Держава

На карте очень много государств,
И все они красивы, словно дети.
Но для меня родина – мой Казахстан,
Прекрасней и дороже нет на свете!

Степной орёл здесь кличет о свободе,
Шумят озера, будто бы поют.
Здесь горы снежные взметнулись к небу,
А люди в дружбе, в радости живут.

Пусть солнце яркое всем светит без
остатка,

И согревает степь своим теплом.
Живем мы здесь в единстве и достатке,
За дастарханом песни мы поем!

Традиции предков всегда почитают,
Единой семьей столы накрывают.
Наурыз встречают, Масленицу жгут,
Державу мою Казахстаном зовут!

Пусть Родина наша всегда процветает,
А дружба народа лишь только крепчает!
Данил АКУЛОВ,
324 РЯЛ, Zhansugurov college.

ОҚУ РАДИОСТУДИЯСЫ АШЫЛДЫ



Жетісу университетінің 50 жылдық мерейтойына орай оқу радиостудиясы ашылды. «Телерадиожурналистика», «Тележүргізушінің шеберлігі», «Авторлық бағдарлама» және т.б. журналистика мамандығына баулу пәндері негізінде студенттер тек лекция тыңдап қоймай, осы радиостудияда өз бетінше түрлі бағдарлама дайындап, монтаж жасауды үйренеді, – дейді Журналистика және ақпарат білім беру бағдарламаларының жетекшісі Жұмағали Бейсенбайұлы.

Мақпал ӘДІЛХАНҚЫЗЫ,
ЖҚ-211.



АЛҒАШҚЫ ДӘРІС

«JY radiosy» жоғары деңгейде жабдықталған. Дизайны да керемет. Ең басты тиімділігі – студенттер хабарға қажетті кадр сыртындағы мәтінді осында дыбыстап, кез келген уақытта жаңалық дайындауға қауқарлы. Тоқетері, білімгерлеріміз оқу бітіргенше радиодан хабары бар, қыр-сырын жетік меңгерген мықты журналист болып шығады. Ілескен Әлбатырұлының бүгінгі дәрісінде осы мүмкіндіктер толықтай түсіндіріліп, «Жаңалық жаршысы», «Құлагер», «Ұстаз әңгімесі», «Қонақпен жүздесу», «StudLife», «Кім жүйрік?», «Ми Battle», «Сырласу», «Керек-инфо», «Ән-шашу», «Өнегелі өмір», «Спорт-тайм», «Тәрбие», «Медиаға шолу», «Кітап – қазына», «Куратор» сынды радиобағдарламалар жоспары жасалды.

Гүлнұр БАЙМҰХАН,
ЖҚ-211.

Ұстаздық еткен жалықпас...

Абайдың: «Ақырын жүріп, анық бас, еңбегің кетпес далаға. Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға», – деген өлең жолдары еріксіз ойға оралады. Егер әр шәкірт өмірде бір кірпіш болып қаланып, ұстаздан озып жатса, жылдар бойы төккен тер мен адал еңбектің ақталғаны емес пе?!

Баланың мінез-құлқын танып, жандүниесін зерттеп, бәсекеге қабілетті тұлға ретінде үлкен өмірге дайындау кез-келген адамның қолынан келе бермейтін іс. Бұл тек мұғалімге тән дүние. Заман дамыған сайын жұмыс та қиындай түсті. Бүгінде олар үнемі ізденіс үстінде

жүреді. Инновациялық технологиялармен жұмыс істеу міндетке айналғандықтан, ұстаздар да жаңашылдыққа үйренуі тиіс. Тек педагог ретінде ғана емес, сонымен қатар психологиялық тұрғыда да білімін жетілдіріп, сол ілімді күнделікті практикада пайдалану керек.

«Атпаз көрген ат таныр, ұстаз көрген хат таныр» дегендей, бар білім мен сынақтың басында мұғалімдер, яғни, мына біз тұрамыз. Атаның баласын адамның баласы ету – біздің міндет.

Айнұр НҰРЛАНҚЫЗЫ,
ШТҚ-413.



ТАҒЫЛЫМДЫ КЕЗДЕСУ

Журналистика студенттеріне шеберлік сыныбы ұйымдастырылды. Оған республикалық «Егемен Қазақстан» газеті редакторының орынбасары Талғат Батырхан мен «Казахстанская правда» газетінің бас редакторы Сәбит Малдыбаев арнайы шақыртылған. Білікті мамандар өз тәжірибесімен бөлісіп, отандық журналистиканың қазіргі жай-күйі жөнінде сөз өрбітті. Жастардың айтуынша, баспасөздің деңгейі мен қаралымы өткен ғасырда жоғары болған. Бұған Наполеонның «Жауға қарсы жүздеген мың қол әскерден, төрт газеттің ойсырата соққы беру мүмкіндігі зор», – деген сөзі дәлел. Ал бүгінде мерзімді басылымның болашағы – алаңдатарлық мәселе. Бас басылымның қос ардагері аумалы-төкпелі кезеңде «білікті боламын деген журналист алдымен еңбек жолын газеттен бастағаны жөн» дегенді алға тартып,

түрлі мысалмен жас мамандарды мазалаған түйткілдің түйінін тарқатты. Тарихы терең газет-журналдың ғұмырлы болуына өскелең ұрпақтың қосар үлесі ауадай қажет.

Қаламгер Талғат Батырхан: «Біріншіден, журналисте арман болу керек. Ол адас-тырмайды, өз діттеген көмбеңе жеткізеді. Екіншіден, Қазақстанда салалық журналистика бойынша білімгерлерді бағыттауға мүмкіндік жасалмаған. Бұл бір орны толмас қателік», – деп қазақ журналистикасы жайында толғанды.

Мұхтар Күмісбек 5 білімгердің мақаласын «Егемен Қазақстан» газетіне басып шығаруға атсалысатындығын айтты. Тағылымы мол, үлгісі ерек, қаламға қуат беретін шаралар болашақта жалғасын таппақ.

Гүлнұр БАЙМҰХАН,
ЖҚ-211.

МҮШӘЙРА ӨТТІ

«Zhansugurov college»-інде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушылары К. Макеева және А. Сулейменованың ұйымдастыруымен мемлекет қайраткері, қазақ тілі білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының рухани көсемі» тақырыбында көркемсөз оқу шеберлері мен ақындар мүшәйрасы өтті. Шараның мақсаты – ұлттық мәдениет пен әдебиеттің бастауында тұрған рухани көсем Ахмет шығармашылығын насихаттау арқылы қазақтың тілі мен әдебиетіне, мәдениетіне



деген ықыласын арттыру әрі еліміздің рухани бірлігін нығайту.

Аталған іс-шара 3 кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде ағартушы, Алаш-Орда өкіметінің мүшесі Ахмет Байтұрсынұлының туындылары, жүрежарды шығармалары оқылды. Байқаудың шарты бойынша, екінші кезеңде қатысушылар қазақ халқының рухани көсеміне арналған төл шығармаларын ортаға салды. Ахмет Байтұрсынұлының өмірі, шығармашылығы туралы білімдерін саралау мақсатында үшінші кезеңде қатысушылар сұрақтарға жауап берді. Қазылар алқасы Ахмет шығармаларын жатқа оқыған жастардың көркем мәтінді таңдау және мәнгерлеп оқу шеберлігіне, сахнада өзін ұстау мәдениетіне баға берді. Үміткерлер ішінен оза шауып бөйге алған жеңімпаздар мақтау қағаздарымен марапатталды. Көркемсөз оқу шеберлерінің арасында жүлделі 1-орынды 205-топ студенті Қасымбек Арайлым қанжығасына байласа, 2-орынды 204-топтың білімгері Молдахан Анель иеленді. Ал 3-орынға Оспанбай Мейрамбек жайғасты.

Іс-шара соңында, әділқазы алқасының төрағасы І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің қауымдастырылған профессоры, ақын Аңсабаев Дүйсен Сандыбайұлы мүшәйраға қатысушылардың төл шығармаларына оң бағасын беріп, сәттілік тіледі.

● «ЖЕТИСУ ЖАУҚАЗЫНДАРЫ» ЖЫРЛАЙДЫ

Ақ жүректі асыл анам

Ақ жүректі асыл анам, жан анам,
Сізден артық жанды қайдан таба алам?
Сіз деп білем өмірдегі байлығым!
Бақытына балаларын балаған,

Бар әлемнің жинасам да асылың,
Ақ сүтіңді өтеу үшін жетпес сірә, газырым.
Тек сұрарым мейірімді Алпадан,
Анашымның амандығын, жасырын

Ауырмашы, аман болшы жан анам,
Сіз болсаңыз, біз де бармыз, дін аман.
Мәпелеген, еркелеткен аяулым,
Сіз күлсеңіз, күледі өлем – Ұлы адам.



Жанерке ЕРМУХАН,
104 Бқ топ студенті.

Тоқжайлау атамекенім

Тудым сенде Тоқжайлау - құтты мекенім,
Алтын бесік, сенсің менің ертеңім.
Алыс кетсең сағынарсың ауылды,
Кім біледі туған жердің қандай ыстық екенің?

Бала болып сан жүгірген белдерім,
Өзінде өтті балың тәтті күндерім.
Еске түссе сол бір бала кездерім,
Қайта оралмас сағым екен, сезгенім.

Асыр салдық туған жердің төсінде,
Жүрегімде, өлі күнге есімде.
Сағынамын сенде өткізген әр күнді,
Тоқжайлаудың желсіз тымық көшін де.

Атам, өкем жаз жайлаған басыңа,
Бие сауып, құлын байлап қосыңа.
Сен ерекше нәр бересің Туған жер!
Сұлуың сен, важапсың сен расында.
Көркейе бер, гүлдәне бер газырлардан газырға!

Ақ жауын

Сен кіргізіп өңірге,
Бүршік атты ағаштар.
Қылтылып шыққан көктер де,
Нұрын төкті көңілге.

Көктем келді қуантып,
Шуағын шашып маңайға.
Қайнады көзі тірліктің,
Тазартып ел-жұрт маңайды.

Көктем келді қуантып,
Көңіл де жылы шуақты.
Көктемгі ақ жауындай,
Көудемнен күмбір жыр ақты.

Ұлт ұстазына

Алашымның көсемі, ұлт ұстазы,
Әрқашан әділдіктен ту ұстады.
«Алаш» деген ұранмен алға ұмтылып,
Әділетті қоғам үшін болды ұстамы.
Ақылды да, қайратты ұлы адамның,
Жоқ десекте болады мін тұстары.
«Оқуға шақыру» шығармасы,
Ашты ғой балардың шын құштарын.
«Қырық мысал» аудармасы жарық көріп,
Қалың елді ұйқысынан бір оятты.
«Оқу – жарық, надандық – қараңғы» деп,
Үйретті кітабында «Маса» атты.
Алға сүйреп ғылым көшін, тарихты,
Өз елінің әдебиетін танытты.
Қайта жақты санасына халықтың
Үміт дейтін өшкен сонау жарықты.
Тіл білімі іргетасын қалаудағы,
«Тіл құралы» еңбегі болды сәтті.
Әр азамат өз сауатын ашу үшін,
«Әліппені» жазуды мақсат етті.
«Қазақтың бас ақыны» мақаласы,
Абайдың Ұлы рухын асқақтатты.

Міне нағыз халқының азаматы,
Еңбегіне сай келер важап аты.

Бабаларым қылышпен күрессе егер,
Қаламмен күрескен Ахаң батыр.
Реформатор, ғалымның хаты өлмейді,
Ғасырмен жаңғырады мәңгі ақын.



Арайлым ҚАСЫМБЕК,
205 Бқ студенті.

Ана тілім

Тіл деп ұқтым, тіл деп ұқтым,
Берін мен.
Тілім менің құдіретті ол - төңірден.
Ана тілім, дана тілім - бақытым,
Халқым барда тот баспайтын жақұтым

Ана тілім, қазақ тілім бал тілім,
Жүрегіме жыр боп тұнды жалқы мұң.
Татулық пен тіршіліктің тірегі,
Қазынам сен, ат басындай алтыным.

Тәуелсіздік

Тәуелсіздік - еліміздің азаттығы,
Тәуелсіздік тірегі - қазақ тілім.
Жері бай, ұлан байтақ елде туған,
Тәуелсіздік - жастардың важап жыры.

Тәуелсіздік - еліміздің асқақтығы,
Арналады өзіне аппақ жырым.
Көк туым көк аспында қалықтай бер,
Қасиетті, қастерлі, қымбат құның.

Асель ИБРАИМОВА.

Отанды берік қорғаудағы моральдік-патриоттық қасиеттерді оқушы жастарда қалыптастыру, әскери патриоттық тәрбиелеуді тұрақты әрі жүйелі түрде жүргізуді талап етеді. Осындай маңызды міндетті жүзеге асыруда оқу орындары, қорғаныс бөлімдері, барлық мүдделі мекемелер, сондай-ақ шәкірттер мен олардың ата-аналары белсене қатысуы қажет.

Бұл орайда сынып сағаттары, әңгімелер және әскери-патриоттық тақырыптағы бейнефильмдерді тамашалау, халқымыздың ерлік дәстүрлері негізінде жастарды тәрбиелеу мақсатында тәрбиелік мәні бар түрлі шаралар жүргізіледі.

Осы мақсатта алғашқы әскери дайындық сабақтарында оқушыларды өз Отанына деген махаббат пен отансүйгіштік сезімдерге баулып, оларды жаңашылдыққа, білім кенін игеруге деген қызығушылығын, белсенділік пен бастамашылдық сезімдерін ояту қажет. Аталмыш қасиеттердің барлығын алғашқы әскери дайындық жоспарының бүкіл тақырыптары бойынша жүйелі жұмыстың нәтижесінде дамытуға болады.



болып табылады. Белсенді азаматтық ұстаным немқұрайлықтан, енжарлықтан жат, кез келген іске жауапты адамға тән. Өйткені адам оқу орнында немесе басқа да ұжымда нағыз өмірлік ұстанымдарға ие болып, адамгершілік тұрғыдан қалыптасады. Тәрбие процесінде ерлік пен еңбек дәстүрлерінің тәрбиелік рөлі үнемі ұлғайып отырады. Себебі жастар әлеуметтік тәжірибе жетіспеушілігінің орнын көптен-көп толтыруы тиіс.

Мектептегі әскери-патриоттық жұмыстың нысандары мен әдістері әр алуан, оларға оқушыларды қазақ батырларының, ҰОС қаһармандарының және жауынгер-интернационалистердің ерлігі негізінде тәрбиелеу жатады.

Сондай-ақ тарих пәні мұғалімдерімен бірлесе тарихи орындар мен жақын орналасқан әскери бөлімдер бойынша кешенді саяхаттарды ұйымдастыру керек.

Алайда оларды ұйымдастыру кезінде бұл жұмыс шәкірттерге білімнің белгілі бір мөлшерін жеткізуін шектемеуі тиіс. Ең бастысы - олардың әскери істің шынайы жолмен меңгеруге талпынысын қалыптастыру болып табылады.

Білім ордасында кейінгі толқын өкілдеріне арналған дәрісті жылына кемінде екі-үш рет жүргізу қажет. Олар Отанды қорғау туралы негізгі ережелерге, еліміздің қорғаныс қабілетін одан әрі нығайту бойынша ҚР Конституцияның талаптарына, сай өткізілуіне тиіс.

Әскери-патриоттық тәрбие - Отан қорғаушының құнды қасиеттерін қалыптастырудың маңызды қырларының бірі. Мемлекетіміздің айбынды жастарын тәрбиелеу үшін ұтымды әдістерді пайдаланып, сыныптан тыс жұмыстар жүргізудің және әскери-патриоттық негізде атқарылатын іс-шаралардың маңыздылығын зор сеніммен айта аламын.

Дархан БАЙСАЛБАЕВ
Талдықорған дарын-
ды балаларға арналған
«Білім-Инновация»

мамандандырылған лицей-
интернатының Алғашқы әскери және
технологиялық дайындық пәнінің
оқытушы-ұйымдастырушысы.

ҰЛТТЫҚ РУХТЫҢ АСҚАҚ БЕЛГІСІ

Оқушыларға әскери-патриоттық тәрбие беру мақсатында Талдықорған «Білім-Инновация» лицейінде «Сардар» әскери-спорттық ойыны өткізілді. Ойынды өткізу мақсатымыз оқушылардың патриоттық сезімдерін ояту, Отанға қалтқысыз қызмет етуге баулу, Отансүйгіштікке тәрбиелеу. Әскери-спорттық ойынға Талдықорған қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқарманың басшылары, Әскери мектеп директорлары келіп төрелік етті. Оқушылар белсене қатысты. Әскери-спорттық ойын «АК-74» автоматтың жартылай бөлшектеу және қайта жинау, пневматикалық мылтықтан «№6 нысанаға» дәлдікпен ату, азимут бой-

ынша бағдар табу, жалпы әскери қорғаныш толығын уақытқа кию бөлімдерінен тұрды. Жарысқа 9-11 сынып оқушылары қатысты. 9 сынып оқушыларын қатыстырудағы мақсатымыз жастайынан икемділікке, шапшаңдыққа үйрету. Осындай жұмыстар Талдықорған «Білім-Инновация» лицейінде үздіксіз жүргізіліп келеді.

Елімізді, Отанымызды қорғау әрбір ер азаматтың қасиетті борышы және міндеті екенін үнемі оқушылардың есіне салып отыру – біздің бірінші мақсатымыз және міндетіміз.

Қазіргі ұстаз – соғысты, соғыстан кейінгі қиын кезді көрмеген, еліміздің ең бақытты ұрпағымен жұмыс жасап келеді. Шәкірттерді

патриоттық және интернационалдық тәрбиелеуде айрықша орынды алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні алады. Бұл пәннің сабақтарын өткізу барысында сабақтың мақсаттарын көздей отыра, оның тәрбиелік мәніне де көп көңіл аудару керек. Мұны іске асыру үшін мұғалім жас ұрпақтың Отанға деген сүйіспеншілігін, оларды мемлекет алдындағы азаматтық жауапкершілік сезіміне баулу қажет. Алайда, аталған тәрбие процесі жастарды отансүйгіштік негізде тәрбиелеудің жаңа құралдарын тұрақты ізденуді талап етеді.

Патриотизмді тәрбиелеудің мақсатын жүзеге асырудың алғы шарты - белсенділік

ИЛИЯС ДАСТАНЫНДАҒЫ ҚАРАШАШ СҰЛУ БЕҮНЕСІНДЕҮ

1978 жылы Талдықорған педагогикалық институтына І.Жансүгіровтің есімі берілді. 1979 жылы қоғамдық негізде институт қабырғасында алғаш рет ақын музейі ашылды. Қазіргі Абай атындағы мектепте орын тепкен бас корпусстың алдында музейдің салтанатты ашылу рәсімі өтті. Ақынның 85 жасқа келу құрметіне жасалған игі шараның соңында спорт залында қонақтармен кездесу болды. О.Сүлейменов пен Ә.Әлімжановтің басқаруымен институтымызға І.Жансүгіровтің балалары, Жетісудан шыққан атақты қаламгерлер жиналған еді. Бұл күн ерекше есте қалды. Ақын есімі берілген педагогикалық институтта қазақ факультеттері аз болғандықтан еңбек озаттарымен, ақын-жазушылармен музей тарапынан мәдени-әдеби шараларды музыка және мектепке дейінгі педагогика факультеттерінің студенттері өткізіп тұрды.

Ән өнерінің тарихымен айналысатын Алтын Бүркеева екеуміз 1984 жылы ақынның туғанына 90 жыл толуына байланысты «І.Жансүгіров апталығына» жауапты болдық. Мектепке дейінгі тәрбие кафедрасы ақынның «Мектеп» деп аталатын пьесасына қуыршақ театрын 1 курс студенттері даярласа, 2 курс студенттері «Күйші» поэмасы бойынша сахналық қойылым қойды.

Апта сайын әрбір кафедра өз өнерін қазіргі бас корпусстың алдына және акт залына көрсетіп жатты. Спортшылар күрес, жамбы ату, арқан тарту т.б. ойындарын, музыканттар ән-күйлерін, білімгерлеріміз Ілияс ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқып, көрермендер алдына шығып жүрді. Біздің факультетіміздің вокалдық ән мен хор орындайтын ансамблі мен сахналық қойылымы ерекше көзге түсті.

Мектепке дейінгі тәрбие факультетінің деканы Р.Д. Дорофеевичтің сынынан мүлтіксіз өткен 2 курс студенті Гүлнар Шатырбаева «Күйші» поэмасындағы бас кейіпкер Қарашаштың рөлін сомдайтын болды.

Сахнада биік төсек қойылды, төрінде басы қайқы қылыш ілінді. Кенесарының қарындасы айбарлы, сұсты Қарашаш өзіне құлдыққа алған күйшіге «Тарт күйіңді» деп бұйрық етеді. «Ақылы дария, алтын басты, әйелдің ақ сұңқары, ханзадасы» Қарашаш күйдің құдіретімен жалшы күйшіге қалай ғашық болып қалғанын білмей дал болғанын сомдаған Гүлнардың өң-әлпеті, беліне дейін түскен толқындары шашы, ақ құба жүзі нағыз Қарашаштың өзі дейтіндей әсер қалдырды. Неше күн монолог мәтіннің ашулы-назды, қайғылы да қаһарлы, әрі сүйіспеншілікке толы иірімді жолдарын жаттадық. Еңбегіміз зая кеткен жоқ:

Бұл сорлы Дулат па екен, Үйсін бе екен?

Күйшім боп өміріме жүрсін бе екен?

Сүйкімді жігіттің бұл бұлбұлы ғой?

Қарашаш осыған-ақ тисін бе екен?

Бұл сорлы күйді неге үйренді екен?

Күй ата бұған дарып жүрген бе екен.

Қарашаш мұны қалап алдым десе...

Күйдің бір талмаусырап жеткен жерінде

Қарашаш отырған жерінен тұрып кетеді...

Гүлнар осы шумақты беріле оқып,

аяғына оралып қалған микрофон бауына байқамай алға жүре берді. Суфлер бақылаушы болып тұрған бала жайды маған жеткізгенде, мен шымылдық арасынан дегбірсізденіп көрермендерге қарасам, ректорымыз Мырзатай Жолдасбеков өлеңді елти тыңдап отыр екен. Қызымыз әрі қарай жалғастыра берді. Жүргізуші бауды реттеп үлгеріпті, әйтеуір.

Жоқ, болмас, ауырдым ба, жындандым ба,

Қараға хан затымды былғармын ба?
Бұл менің басыбайлы бір малайым
Тиюге енді маған құл қалды ма?!

Екі жастың ғашықтық құштар сезімнің құшағында өздерін арпалысқа түсірген психологиялық тартыс желісін көркем әдебиетті қастерлей білген студенттеріміз өте тамаша жеткізе алды. Сондағы сахна сыртына шыққан Гүлнардың жүзін көрсеніз. Аяғына оралған бауды байқаған да екен, тіпті «құлап бара жатырмын» деген ойға да келіпті. Сонда да, өлеңді нақышына келтіріп, шеберлікпен мәнерлеп оқудан жаңылған жоқ. Кейін институт ректоры бір жиналыста «І.Жансүгіровтың «Күйші» поэмасындағы рөлді ойнаған қыздың мәнерлі оқығаны соншалық, тіпті құлап кете жаздап, Қарашаш монологын беріле орындады» дегені әлі күнге есімде. Мектепке дейінгі тәрбиелеу факультеті бойынша осы шарада ерекше өнер көрсеткені үшін 10 студентке бір айлық үстеме стипендия берілді.



Гүлнар Жақыпқызының рухани құндылықты қастер тұтатын интелектісі жоғары, көшбасшылық қабілеті, отаншылдық рухы биік екенін сол кезден-ақ байқадық. Өзінің жұмыс істейтін ортасында қандай тапсырма болсын беріле істейтіні оның бойындағы аса мықты жауапкершілік қасиеті еді. Ұстазым, жанашырым деп жатпай, кейде қадалып, не бұйырып кафедра құжаттарын сұраған кезде Гүлнар дегеннің орнына «Қарашаш» деп атап қалатын кездерім де болды.

Жетісу университетіне 50 жыл толып отыр. Шатырбаева Гүлнар Жақыпқызы осы оқу орнының түлегі. Оның еңбек жолы да осы қарашаңырақта қаланды. Гүлнар Жақыпқызы кафедра

білімгерлерінің барлық жұмыстарына бағыт-бағдар беріп, ұжымда лаборант, аға лаборант, кабинет меңгерушісі, оқытушы, аға оқытушы жұмыстарын атқарып қана қоймай, кейде кеңесшілік міндеттерді де мүлтіксіз атқарып келеді.

Білім беру жүйесінде көп жылғы белсенді еңбегі, оқу-тәрбие жұмысындағы жетістіктері, қоғамдық жұмыстарға белсене араласып жүргені үшін факультет декандарының, облыстық мәслихаттың Құрмет грамоталарымен, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесіне орай Басқарма Төрағасы-Ректордың Алғыс хатымен марапатталғаны - оның таза еңбегінің нәтижесі.

Биылғы жылы университеттің мерейтойы қарсаңында зейнеткерлер қатарына қосыла тұра, профессорлық-оқытушылар құрамы, қызметкерлері мен студенттері арасында «Президенттік тест» жарысына қатысып жүлделі бірінші орынға ие болды.

Кафдраның әрқилы қағаз жұмыстарын бір арнаға келтіріп, жоғары жақтан келетін әрбір іске дер кезінде жауап хат даярлай қоятын, еңбегіне ынталы жандар азын-аулақ. Бір мекемеде 31 жыл еңбек ету, мойнындағы жауапкершілікті ынтамен атқара біліп зейнеткер жасына жету ерекше мінезді жанға ғана тән. Университет ұжымы Гүлнардың ішкі мәдениетімен тұлғалық асыл қасиетін, қоғамдық қызметтің барлық бағытындағы кәсіби көзқарасын жоғары бағалайды. Еңбекқор жан ретінде факультеттің маңдайалды қызметкері әлі де еңбек вахтасында. Оған дәлел Гүлнар атты кешегі «Қарашаш сұлудың» кеудесіне ұстадар күніне орай ұйымдастырылған салтанатты жиында университет Басқарма-Төрағасы Ректорымыз Баймырзаев Қуат Маратұлының «Білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісін тағуы. Білім беру ісі бір ғана оқытушы маманның беретін ғылыми ақпараттарымен емес, ғылым мен білімнің тұғырын бірге қаласатын, білім беру бағдарламасы ұжымының жұмысын жинақтап, нәтижесін шығарып, игілікті істерін көпшілікке таныта алуға ерекше жауапкершілікпен атсалысатын осындай адал қызметкерлеріміздің



еңбегінен байқалады. Ендеше, кешегі түлегіміздің саналы ғұмырын бір университет қабырғасында сапалы өткізіп, өкшемізді басып келе жатқанына ризашылық білдіріп, «Отбасыңның тірегі, ұжымымыздың соғып тұрған жүрегі бола бергін!» дегім келеді.

Өйткені дәл осы түлегіміздің мақтанышпен қайда болса да, өз отын



өшірмейтін, ұжымын ұлықтай жүретін педагог, әрі әр басшыға көмекші бола білетін тәжірибесі мол өз ісінің шебері десек болады.

Алтын БАКРАДЕНОВА,
педагогика және психология жоғары мектебінің қауымдастырылған профессоры, университеттің ардагерлер ұйымының мүшесі.

ИЛИЯС АТАҒАН ЖЕТИСУДАҒЫ ЖЕР ТҮТІ

ГАЗЕТИМІЗДІҢ №1 САНЫНДА «ЖЕТИСУ СУРЕТТЕРІНДЕГІ» ӨСІМДІК АТАУЛАРЫ» АТТЫ МАҚАЛА ЖАРИЯЛАП, ИЛИЯС ЖАНСҮГІРОВТЫҢ ӘЙГІЛІ ПОЭМАСЫНДАҒЫ ӨСІМДІКТЕРДІ ОҚЫРМАНҒА ЖІТІ ТАНЫСТЫРУ ҮШІН ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ЖОҒАРЫ МЕКТЕБІНІҢ ОҚЫТУШЫ-ПРОФЕССОРЛАРЫН БІРІГІП ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ ШАҚЫРҒАН ЕДІК.

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒАЛЫМДАРЫ БҮЛІ БАСТАМАНЫ ҚУАНА ҚОЛДАП, РЕДАКЦИЯҒА ИЛИЯС АҚЫН АТАҒАН 90-ҒА ЖУЫҚ ЖЕР ТҮГІНІҢ ҚАСИЕТІН ЖАЗЫП ЖІБЕРЕ БАСТАДЫ. БҮЛ САНДА ӨСІМДІКТЕРДІҢ АЛТЫНШЫ ТОП-ТАМАСЫН ҰСЫНАМЫЗ.

КӨКЕМАРАЛ – ЗИЗИФОРА – ZIZIPHORA

Көкемарал (лат. Ziziphora) – көпжылдық шөп. Еуропадан Орталық Азияға таралған Ерінгүлділер (Lamiaceae) тұқымдасының өсімдіктері. Тұқымда өсімдіктің 30-дан астам түрі бар. Барлық дерлік үлгілерде дәрілік эфир майлары көп, олар үшін сәндік емес, дәрілік өсімдік ретінде өсіріледі. Табиғатта ол жартасты беткейлерде және жартасты төбелерде өседі. Құмды жағалаулар мен күн шалғындарын жақсы көреді.

Көкемарал шөбін біздің ата-бабаларымыз интуитивті түрде, ғылыми әдісімен қолданған. Көкемарал құрамында мынандай заттар бар:

- Таниндер мен ащы заттар. Біз жараларға, жарықтарға, ісіктер мен тітіркенулерге, жүрек айну мен диареяға қарсы қолдануымызға болады.

- С дәрумені - бұл денсаулық, бұл иммунитетті нығайту және бұл суыққа қарсы күрес.
- Флавоноидтар. Бұл тағы да иммундық жүйені нығайту және сыртқы микро зиянкестер - токсиндермен күресу.

Сонымен қатар, температураны төмендету, бас ауруы мен жетелді жеңілдету, бірінші қабылдаудан кейін науқастың жағдайын едеуір жақсартады. Суық тиюге арналған көкемарал тек ішке ғана емес, сонымен қатар сыртқы жағынан да ысқылау ретінде қолданылады.



Өсімдік тістегі ауруды тоқтатады. Оған негізделген препараттар зардап шеккен тісті жуады, бұл тіпті қатты ауырсынуды тез жеңілдетеді. Зақымдалған аймақты дезинфекциялау арқылы көкемарал проблеманы ұзақ уақыт жеңуге көмектеседі.

Бүйректің шамадан тыс жүктелуіне әкелмейтін жеңіл диуретикалық әсер бере отырып, көкемарал зәр шығару жүйесі мен жүректің дұрыс жұмыс істемеуінен туындаған ісінумен күресуге көмектеседі. Өсімдіктің сол қасиеті тастардың пайда болуына жол бермей, бұршіктерден құмның сілтіленуіне ықпал етеді.

Көкемарал тахикардия, ревмокардит, стенокардия және ишемия сияқты әртүрлі жүрек ауруларына көмектеседі. Өсімдік жүрек бұлшықетіне оң әсер етеді және инфаркттан кейінгі ағзаны қалпына келтіруді жеделдетеді. Жиырылу ырғағын орнатып, қалпына келтіретін әсер ете отырып, көкемарал инфаркттың алдын-алу құралы бола алады.

БЕТЕГЕ – ОВСЯНИЦА – FESTUCA

Бетеге (лат. Festuca) - астық тұқымдас шөптесін өсімдіктер туысы (Poaceae). Олар шалғындарда, ормандарда кездеседі. Олар суық, қоңыржай және субтропикалық климаты бар жердің барлық аймақтарында, сондай-ақ тропиктің таулы аймақтарында өседі. Дәрілік шикізат - шөп (сабан), гүлшоғыры. Шөп жинау гүлдену кезінде жүзеге асырылады. Күн немесе жақсы желдетілетін жерде кептіріледі сосын құрғақ жерде сақтайды. Бетеге ақуызға бай, минералдардың жақсы құрамына ие (темір, марганец, йод, фтор, күкірт, мырыш, кобальт және т.б.). Кейбір мәліметтерге сәйкес тамырларда эфир майы бар. Кариопсис құрамында крахмал, ақуыздар және басқа да пайдалы заттар бар. Бетеге антисептикалық, тоник және диуретикалық әсерге ие өсімдік. Халықтық медицинада дөңді дақылдар, атап айтқанда бетеге, ежелден бері көптеген аурулар емделді. Үйдегі косметологиядағы бетегешөптері әртүрлі тері ауруларына арналған қайнатпа түрінде қолданылады.



РАҢ – СОКОКА – CAREX PHYSODES

Раң (лат. Carex physodes) – қияқөлеңдер тұқымдасының қияқөлең туысына жататын көп жылдық шөптесін өсімдік. Сабағы жұмыр, биіктігі 10—40 см, жапырағы таспа тәрізді. Гүлі дара жынысты, қос үйлі, масағы гүл шоғына топтанған. Сәуір-мамырда гүлдейді. Жемісі — бір тұқымды жаңғақ. Раң Орта Азия, Иран, Ауғанстанда таралған. Қазақстанда Қызылорда, Бетпақдала, Мойынқұм, Қызылқұм, Түркістанда, Балқаш-Алакөл алқабында дала, далалық сортаң жерде, батпақты шабындықта, өзең, көл жағасында өседі.

Онда осындай заттар табылды:

Кумарин - қан тамырларын кеңейтеді, антиспазматикалық әсерге ие, ісіктердің резорбциясына ықпал етеді, бірақ терінің күн сәулесінің әсеріне сезімталдығын арттырады;

Ащы Гликозидтер - асқазан сөлінің бөлінуіне және, тиісінше, асқазан перистальтикасының жоғарылауына байланысты төбеттің жоғарылауына ықпал етеді, тағамның тез сіңуіне ықпал етеді;

Сапониндер - экспекторант, диуретикалық, холеретикалық және диафоретикалық әсерге ие, қан қысымын төмендетеді;

Таниндер - қан кетуді тоқтатады, қабыну процестерін тоқтатады, тұтқыр және бактерицидтік әсерге ие;

Крахмал-энергияның негізгі көзі;

Кремний қышқылы-шашты, тырнақтарды, сүйектерді нығайтады, терінің күйін жақсартады;

Шайыр-жараларды емдейді, тұндыру процестерін бауылатады, сонымен қатар бактерицидтік және лактивтік әсерге ие;

Сағыз («Жұмсақ талшық») - асқазан-ішек жолының жұмысына пайдалы әсер етеді; ағзаға дәрумендерден кем емес минералды тұздар қажет, бұл бейорганикалық заттар жасушаның құрамына кіреді және метаболизм процестерінде үлкен рөл атқарады;

Эфир майлары – қан тамырларын кеңейтеді, ауырсынуды жеңілдетеді, экспекторант, қабынуға қарсы, бактерияға қарсы,



вирусқа қарсы және антигельминтикалық, сонымен қатар тыныштандыратын немесе керісінше ынталандырады.

Өсімдіктің құрамындағы заттардың арқасында раң күшті бактерицидтік, антиспазматикалық, қабынуға қарсы, анальгетикалық, конверттеу, жұмсартқыш, экспекторант, тоник, сонымен қатар зәр, өт және диафоретикалық әсерге ие. Шөп ішек үшін өте пайдалы, әсіресе іш қату және енгізу (жазықтылық) үшін. Өсімдіктің метаболизм процестерін қалыпқа келтіру, қанды тазарту және денеден жаман холестеринді, сондай-ақ әртүрлі зиянды заттарды кетіру қабілеті байқалды. Немістер ұзақ уақыт бойы ас қорыту проблемалары, сондай-ақ өкпе және бронх аурулары үшін өсімдік тамырынан алынған қайнатпаны қолданған. Болгарлар тұтыну мен анемияны бірдей дәрі-дәрмекпен емдейді. Шөптің метаболикалық процестерді жолға қою қабілетіне байланысты ол көбінесе подаграға қарсы дәрі ретінде қолданылды, ал шөгінділердің экспекторлық қасиеттері оны ұзаққа созылған құрғақ жетелді жеңілдету үшін қолдануға мүмкіндік береді.

ЖАПЫРАҚТЕҢГЕ – МАНЖЕТКА – ALCHEMILLA

Жапырақтеңге (лат. Drósera rotundifolia) — көпжылдық шөпті өсімдік. Жапырақтеңгенің химиялық құрамы жеткіліксіз зерттелген. Жер үсті бөлігінде таниндер (7,2-11,3%), катехиндер бар екені белгілі. Өсімдіктің жасыл бөлігінде таниндер 7,5-тен 9,4%-ға дейін, флавоноидтар, фенолкарбон қышқылдары және олардың туындылары (лутеон, эллаг), лигнин, липидтер, кумариндер бар. Таниндер жапырақтарында әлдеқайда аз - 2,5% дейін. Өсімдіктің әртүрлі бөліктерінде темір, бор, марганец, мыс, мырыш, молибден, никель бар. Жапырақтеңге емдік қасиеттерімен танымал, тіпті оның жапырақтарындағы шық ежелден «тірі су» болып саналды. Өсімдіктің химиялық құрамына таниндер, дәрумендер мен минералдардың көп мөлшері кіреді. Халықтық медицинада манжеттің отвары диуретик ретінде, асқазан-ішек жолдарының бұзылуымен, сондай-ақ жараларды, безеулерді, жараларды емдеу, ауыз қуысын шаю үшін қолданылады.



Ш.ДАУРЕНБЕКОВА,
Жаратылыстану жоғары мектебі

Жаратылыстану ғылыми бағыт бойынша БББ-ның оқытушы-дәріскері, б.ғ.к.

А.СЫДЫКОВ,
химия - биология мамандығының 2 курс білімгері.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТИСУ УНИВЕРСИТЕТІ

Медиаорталық басшысы
Баян Шаянбаева

Бас редактор: А. Иебекова
Тілші: С. Әшірбекова
Корректор: А. Махимова
Дизайнер: Н. Елшібеков
Фотограф: С. Туранов

● Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникация министрлігі, Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитетінде 2018 жылғы 27 қарашада тіркеліп, № 17378-Г куәлігі берілген.
● «Жетісу университеті» газеті медиаорталықта теріліп, беттеледі.
● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Газет айына бір рет шығады.
● Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы - Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы,
Жансүгіров көшесі, 187 а.
Байланыс телефоны: 12-00

Индекс 64568
Тапсырыс №1182
Таралым 2000 дана